

ИБН РУШДТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БЕЙБОЛМЫС КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Б.М. Аташ

Философия тарихында Антикалық дәуірден кейінгі Орта ғасыр деп аталатын кезең аймақтық ойлау ерекшеліктерінің парадигмаларына сәйкес шартты түрде Батыс Европалық және Шығыстық мұсылмандық дүниетаным болып екіге бөлінетіндігі дихотомиялық қатаң верификацияланбаған дифференциация болып табылмаса да, логикалық классификацияның параметрлеріне бағынатындықтан шартты түрде маңызды болып табылады. Сондықтан біз осы араб-мұсылмандық фәлсафа деп аталған ойтолғамдардың ренессанстық-кульминациялық деңгейлерін басшылыққа ала отырып, оның тұтастай онтологиялық дүниетанымын сараптай келе, ондағы Бейболмыс философиясының өркендеу үрдістеріне тоқталамыз.

Шындығында да, бұл кезеңнің энциклопедиялық праексеологиясы әлемді жаратылыстану тұрғысынан философиялық түйсінудің жаңа моделін құрастыра отырып, теория мен практиканы, дін мен ғылымды, концептуалдылық пен әдіснаманы ұштастырудың параметрлерін дәйекті ұсынғандықтан, философия ғылымының тарихында өзіндік орны айғақталған кезең ретінде танымал болды. Олар көне Грек философиясының негізгі ілімдерін әдіснама ретінде пайдалануды тарихилық принципке трансформациялап, логикалық принципті мұсылмандық дүниетаным мен осы тарихилықтың бірлігі ретінде бағамдап, ғылым мен философия тарихында дәуір ақиқатының адекватты жетістіктеріне қол жеткізу рухани революциялық жаңа деңгейді аша білді.

Осы мұсылмандық философияны немесе фәлсафа құрылымын зерттеуші ғалымдарымыздың шартты түрде оны кеңістіктік-уақыттық өлшем бойынша ажыратуы да, табиғи-тарихи мәнін толықтыра түсетін, ондағы танымдық тағылымдарды жүйелейтін конструктивті әдіснама болып табылады. Араб халифатының ойшылдары: Әл-Кинди; Орта Азияның араб тілді ойшылдары: Әл-Фараби, Ибн Сина, Аттар, Әл-Ғазали; Кордова халифатының ойшылдары: Ибн Бадж, Ибн Туфейл, Ибн Рушд, Ибн Араби т.б. Сондай-ақ, мутазилиттер, калам, суфизм сияқы мұсылмандық дүниетаным бойынша құрылған ағымдар да орта ғасыр философиясына кіргізіледі[1].

Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ойшылдардың бірі – Абу-л-Валид Мұхаммед ибн Ахмед ибн Рушд 38 шығарма жазған. Оның негізгі онтологиялық мәселелері де Бейболмыс мәселесіне тоғысады. Ол өзінің «Жоққа шығаруды жоққа шығару» деген трактатында атап өткендей, әлемнің жаратылғандығы туралы бірінші дәлелдемесі былай жүйеленген: «Жаратушының таза мүмкіндік ретінде көрінуінен өзге амалы жоқ және де, бұл Жаратқаннан сұрау қажет: ол жаратылыстың басында жаратылғандардан өзгеше күйде болды ма екен? Егер олай болмаса, дүние тағы да таза мүмкіндік

халінде қала берер еді, егер дәл осылай болса, бұл жаратылыстың басталуына қатысты күштен сұрау қажет..», -дей келе: «Қараңыз, «мүмкін» деген бір термин болмауынан гөрі жиірек болатын жағдайда да, болуына қарағанда болмауы көбірек жағдайда да және болу-болмауы тең жағдайда да бірдей қолданылады, бұл жағдайлардың әрқайсысында айқындаушы бастауға қажеттілік бірдей мөлшерде емес, өйткені болмауына қарағанда болуы жиірек мүмкін нәрсенің болу-болмауы мүмкіндігі тең нәрседен айырмасы – ол әдетте оған айқындаушы бастаудың сырттай қатысымен емес, өздігінен болады деп саналады»[1,233].

Яғни, Жаратушы феноменін ашудың түпкілікті логикалық сәті – мүмкіндік ретінде көрінуі. Бұл жердегі мүмкіндік деп алынған концепт, болмыстық та Бейболмыстық та емес, бірақ болуға бағытталған түсінік, әрі жалпы алғышарт болып табылады. Жаратылу актісін процесс ретінде қарастырған ойшыл, оның бастапқы күйіне үңіле түсіп, бастапқы мен соңғының арасында айырмашылық болмаса, ол жаратылмаған деген тұжырымға келеді. Ал айырмашылық болатын болса, ол Жаратушының құзырында. Бұндағы бастапқы деп аталған кезең жоқтан туындаған әлем үшін әрине Бейболмыс екендігі түсінікті. Демек, бұл жердегі онтологиялық мәселе – жаратылғанның «бар» екендігі және әлем болып құрылатындығы, бастапқы күйінен елеулі айырмашылықта болуы тиіс екендігі. Яғни, бұл айырмашылық болмыстың «бар» екендігінің дәйектеушісіне айналады. Айырмашылық болмаса, онда ол елес түріндегі дүние немесе мүлде жоқ болып табылады. Сондықтан әлем жоқ болмас үшін Бейболмыстан (бастапқы жоқ күйінен) елеулі айырмашылықта болуы тиіс. Бұл жердегі «бар» мен «жоқтың» дилеммасы жай ғана конструкция емес, әлемнің бар екендігін тұжырымдайды. Демек, әлем бар болатын болса, Бейболмыс «жоқ» болып табылады. Бейболмыс мәселесімен шұғылданушы ойшыл Н.М. Солодухо да оның өзекті проблематика екендігін атап өтеді: «Бытие или небытие, с чего берет свое начало мир? Этот вопрос должен быть признан исходным философским вопросом»[2,7-10].

Ибн Рушдтың ұтқыр пайымдауы – «мүмкіндіктің» Бейболмыстық сипаты болуы ықтимал екендігі туралы ойға қарай ұласады. Бұнда «мүмкіндік» концептісі таза оқшауланып, жеке дара алынып, оның үш сәті қарастырылады:

1. Болмауынан гөрі болуы ықтимал (реалды мүмкіндік)
2. Болуынан гөрі болмауы басым (абстрактылы мүмкіндік)
3. Болуы мен болмауы тең (абстрактылық пен реалдылық деңгейі өзара тең)

Ойшыл көрсеткендей, «айқындаушы бастауға қажеттілік» түсінігі мүмкіндіктің имманентті қуатын білдірсе, осы іске асу қуаты үш позицияда үш түрлі деген ой ниетін көрсетеді. «Болуы жиірек мүмкін нәрсенің болу-болмауы тең нәрседен айырмасы» деп атап көрсеткен ойшыл, «айқындаушы бастау өздігінен» деп ой түйеді. Яғни, реалды мүмкіндіктің медиа мүмкіндіктен айырмашылығы оның іске асуының қуаттылығының күшінің имманентті болуында екендігін білдіреді.

Сонда бұл тұжырымдардан біз, мүмкіндіктердің бәсекелестігінің аренаға шығарылғандығын емес, мүмкіндіктерге қажеттілік басты өлшем болатындығын ұғынамыз. Яғни, бұл жердегі болу мүмкіндігі болмысқа бағытталған тенденция, Бейболмыс үшін мүмкіндіктің қуаттылығы, яғни, Бейболмыстан «бөлінуге ұмтылыс күші» ешқандай да фактор болып

халінде қала берер еді, егер дәл осылай болса, бұл жаратылыстың басталуына қатысты күштен сұрау қажет...», - дей келе: «Қараңыз, «мүмкін» деген бір термин болмауынан гөрі жиірек болатын жағдайда да, болуына қарағанда болмауы көбірек жағдайда да және болу-болмауы тең жағдайда да бірдей қолданылады, бұл жағдайлардың әрқайсысында айқындаушы бастауға қажеттілік бірдей мөлшерде емес, өйткені болмауына қарағанда болуы жиірек мүмкін нәрсенің болу-болмауы мүмкіндігі тең нәрседен айырмасы – ол әдетте оған айқындаушы бастаудың сырттай қатысымен емес, өздігінен болады деп саналады»[1,233].

Яғни, Жаратушы феноменін ашудың түпкілікті логикалық сәті – мүмкіндік ретінде көрінуі. Бұл жердегі мүмкіндік деп алынған концепт, болмыстық та Бейболмыстық та емес, бірақ болуға бағытталған түсінік, әрі жалпы алғышарт болып табылады. Жаратылу актісін процесс ретінде қарастырған ойшыл, оның бастапқы күйіне үңіле түсіп, бастапқы мен соңғының арасында айырмашылық болмаса, ол жаратылмаған деген тұжырымға келеді. Ал айырмашылық болатын болса, ол Жаратушының құзырында. Бұндағы бастапқы деп аталған кезең жоқтан туындаған әлем үшін әрине Бейболмыс екендігі түсінікті. Демек, бұл жердегі онтологиялық мәселе – жаратылғанның «бар» екендігі және әлем болып құрылатындығы, бастапқы күйінен елеулі айырмашылықта болуы тиіс екендігі. Яғни, бұл айырмашылық болмыстың «бар» екендігінің дәйектеушісіне айналады. Айырмашылық болмаса, онда ол елес түріндегі дүние немесе мүлде жоқ болып табылады. Сондықтан әлем жоқ болмас үшін Бейболмыстан (бастапқы жоқ күйінен) елеулі айырмашылықта болуы тиіс. Бұл жердегі «бар» мен «жоқтың» дилеммасы жай ғана конструкция емес, әлемнің бар екендігін тұжырымдайды. Демек, әлем бар болатын болса, Бейболмыс «жоқ» болып табылады. Бейболмыс мәселесімен шұғылданушы ойшыл Н.М. Солодухо да оның өзекті проблематика екендігін атап өтеді: «Бытие или небытие, с чего берет свое начало мир? Этот вопрос должен быть признан исходным философским вопросом»[2,7-10].

Ибн Рушдтың ұтқыр пайымдауы – «мүмкіндіктің» Бейболмыстық сипаты болуы ықтимал екендігі туралы ойға қарай ұласады. Бұнда «мүмкіндік» концептісі таза оқшауланып, жеке дара алынып, оның үш сәті қарастырылады:

1. Болмауынан гөрі болуы ықтимал (реалды мүмкіндік)
2. Болуынан гөрі болмауы басым (абстрактылы мүмкіндік)
3. Болуы мен болмауы тең (абстрактылық пен реалдылық деңгейі өзара тең)

Ойшыл көрсеткендей, «айқындаушы бастауға қажеттілік» түсінігі мүмкіндіктің имманентті қуатын білдірсе, осы іске асу қуаты үш позицияда үш түрлі деген ой ниетін көрсетеді. «Болуы жиірек мүмкін нәрсенің болу-болмауы тең нәрседен айырмасы» деп атап көрсеткен ойшыл, «айқындаушы бастау өздігінен» деп ой түйеді. Яғни, реалды мүмкіндіктің медиа мүмкіндіктен айырмашылығы оның іске асуының қуаттылығының күшінің имманентті болуында екендігін білдіреді.

Сонда бұл тұжырымдардан біз, мүмкіндіктердің бәсекелестігінің аренаға шығарылғандығын емес, мүмкіндіктерге қажеттілік басты өлшем болатындығын ұғынамыз. Яғни, бұл жердегі болу мүмкіндігі болмысқа бағытталған тенденция, Бейболмыс үшін мүмкіндіктің қуаттылығы, яғни, Бейболмыстан «бөлінуге ұмтылыс күші» ешқандай да фактор болып

табылмайды. Оның мүмкіндік күші онтологиялық мәнде, сондықтан, Бейболмыс үшін жаратылғандық пен мүмкіндік қуаты бойынша қалай жаратылғандығының ешқандай мәні жоқ. Егер мүмкіндік туып, бірақ ол мәңгі бақи болмыста туындамаған құбылыс және енді туындауы мүмкін емес процеске өтіп, мүмкіндік қабілетін мүлде жоғалтқан жағдайда ғана Бейболмыстық болып табылады. Бейболмыстың мүмкіндікке қатысты параметрі – осы.

Бұл қайшылық мәнді ойдың ұсынылуының экспликациялық қыры лингвоанализ болып табылады. Сондықтан «болуы ықтимал», «болмауы ықтимал», «болуы мен болмауы тең» ұғымдары белгілі бір парадигмада лингвистикалық тұрғыдан мағынасыз болуы мүмкін. Ал лингвофилософиялық сараптама бойынша бастапқыда үшеуі теңеседі, одан соң тілдік мағынаның реңдік түрлері ашылады. Яғни, тіл мен философияның біріккен тұсы ғана осы мәселелерді шешудің алғышартын береді. Сондықтан біз осы жазықтықтағы Бейболмыс мәселесін шешуде лингвофилософиялық әдіснаманы басшылыққа алуымыз қажет. Тілдік мағына мен тілдік форма философиялық негіз бойынша кейде сәйкес келмейді. Мәселен, Бейболмыстың денотаты мүлде жоқ, бірақ атауы бар – шындығында, ол «бар ма» деген логикалық сауал туындайды. Бейболмыстық таным философиясында оның денотатының болуы міндетті емес. Сондықтан мағына мен оның көрсеткіші лингвофилософиялық тұрғыдан қайшылық мәнді болуы да мүмкін.

Ойшылдың Бейболмыстық саладағы ой-пікірі, потенциалдылықтың әлі де болса жоқ екендігін бағамдап, оның Бейболмыстық екендігін байыптауында болып отыр: «Ал потенциалды ғана бар, яғни не басы, не аяғы жоқ нәрсе туралы ол не жұп, не тақ санмен айқындалады, я болмаса ол аяқталады немесе басталады деген орынсыз: ол не өткенде, не қазір нақты жоқ, өйткені дәл қазіргі алып отырған жағдайымызда потенциалды бар зат та, мүлде жоқ зат та бір»[1,246].

Осындағы потенциалды бар болудың объектісі, яғни, нақты сол нәрсе туралы идея туындаса, ол субъективті болса да идея, демек, идея болмысын қамтамасыз ете алады. Әрі нақты өмір сүрмейтіндігі арқылы Бейболмыстық болып табылады. Осыдан болуы мүмкіндердің моделін құрастырып, оны өзге болмыс түрінде танып, тұтас тылсым әлем құруымызға болады. Мәселен, фантастикалық әлем туындысы, ол идея түрінде бар, бірақ шынайы әлемде жоқ, потенциалды бар, актуалды жоқ. Сондықтан бұның Бейболмыстық па, әлде болмыстық па деген парадигмасына тоқталу үшін «осы аталған әлем – Бейболмыста бар ма» деген сауал тастауға болады. Осыдан біз сана мен танымның Бейболмысқа ену тенденциясын, Бейболмыстық эпистемологияны сараптаймыз.

Демек, ойшылдың бұл тұжырымдамаларынан жалпы мынадай Бейболмыстық мән ашылады:

Мүмкіндіктердің конструкциясы Бейболмыстық танымға бағытталатын жалпы әдіснама ретінде екендігін байыптаймыз;

«Мүмкіндік құбылыс ретінде болмыстық па, әлде Бейболмыстық па» деген проблема ала аламыз және мүмкіндіктің осы екі аралықтағы медиа жазықтығын танымыз;

Мүмкіндік өзінің «мүмкіндік» ретінде танылуын жойғаннан кейін, санадан ажырағаннан соң (мәңгілікке ұмытылғаннан кейін) таза Бейболмыстық деңгейге көтерілетіндігін бағамдаймыз;

Мүмкіндік арқылы Бейболмыс пен болмыстың нақты арақатынасын және түйісер тұстарын аша аламыз т.б.

Ойшыл сондықтан әрі қарай болмыс пен Бейболмыстың тұтасып кетпеуін де дихотомиялайды, сондықтан оларды түпкі қайшылық ретінде тануға болатындығын көрсетеді: «Алайда ондай заттар ұқсас болуы былай тұрсын, тіптен бір-біріне қарама-қарсы, өйткені барлық қарама-қарсылар ең жоғарғы түрі болып табылатын болмыс пен жоқ болмыстың қарама-қарсылығынан жиынтық көрініс табады, ал қарама-қарсы өзіне ұқсасқа қарсы тұрады»[1,257].

Болмыс пен Бейболмыстың қарама-қарсылығының таза гиперконтрарлы, түпкі мәнді субтратты қарсылық екендігін байыптаған ойшыл, барлық қарама-қарсылықтар осыдан дифференциацияланатындығын ұсынады. Демек, «бар» мен «жоқ» ең басты мән, сондықтан екеуін қарсы қойып қарастыру модель ғана емес, түпкілікті Бейболмыстық-болмыстық танымның жалпылама әдіснамасы, ең соңғы концептуалдылық деп те атауымызға болады. Шындығында, Бейболмыстық парадигмаға енгеннің бәрі де ең түпкі және ең соңғы болып табылады.

Осыған орай, қарама-қарсылықтар проблемасына аналогиялық түрде біз, Бейболмыстың болмыстық парадигмадағы барлық шарттар мен құбылыстардың, сипаттар мен процестердің ең түпкі критерийі екендігі туралы басты тұжырымға келе аламыз. Оны Бейболмыс мәселесімен айналысушы А.Н. Чанышев те дәлелдеме ретінде атап көрсетеді: «доказательство от противоположностей: миры и антимир, частица и античастица, положительные и отрицательные числа вообще все противоположное погашает друг друга в небытии и возникает из него как нуль»[3,4]

Яғни, орта ғасырдағы араб-мұсылмандық фалсафа тарихындағы қарастырылған Бейболмыстық танымның эволюциясын осылайша бағамдауымызға болады. Оның күрделілігі Бейболмысқа теологиялық тұрғыдан келу және креационизмнің өзінің Бейболмыс трансценденциясындағы контртрансценденция болатындығы немесе керісінше. Яғни, екі парадоксальдылықтың жарыспалы құрылуы Бейболмысты мегатрансцендентальды проблемаға ығыстырады.

Сондықтан, біз осы түсініктемелерге сәйкес, Бейболмыс дегеніміз – болмыстың болмауы немесе оның қатыспауы түрінде сипатталатын, таза абсолютті өмір сүрмейтіндік пен жоқтық арқылы байқалатын, Ештеңе формасында анықталатын «ұлы жазықтықтың» мегатрансцендентальды метапардигмасы деп анықтама береміз.

«Небытие – отсутствие, отрицание бытия, существования. Следует отличать от ничто как отрицания определенности, сущности. Небытие – онтологическая категория, являющаяся отрицанием понятия бытия»[4],-деген түсініктемелер де осы пікірімізді қуаттай түседі.

Сондықтан бұның лингвистикалық философиялық қыры ашылады. Жалпы концептуалды түрде бұл мәселені лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың мәні

арта түседі. Мәселен, «мүмкін» деген сөз, сәйкесінше, семантикалық мағынасы жөнінен «мүмкін емес» деген түсінікті білдіреді.

Ойшыл атап өткендей, «потенциалды бар зат та, жоқ зат та бір» деген концептуализм бар мен жоқтың лингвопарадигмаларын қуаттайды. Себебі Бейболмыстың «бар екендігі» мен өмір сүрмейтіндігі лингвоформаны және мағынаның берілуінің қайшылығына тіреледі. Таза философиялық тұрғыдан бұл парадокс мәнді болғанмен, лингвистикалық тұғырдан «бар екендіктің» сипаты «жоқ екендікті» білдіруі толықтай ықтимал болып шығады. Демек, біз Бейболмыстың бар екендігін «бар» деп тырнақшамен ұсынуды жөн көреміз. Осыдан тырнақша арқылы ұсынылған бар мен тырнақшасыз берілген бардың түпкілікті айырмашылығын түйсінеміз. Осыған байланысты біз Ештеңе ұғымын да сараптап алуымыз қажет. Бейболмыс процесс емес, сондықтан «болмау» Бейболмысты сипаттайтын, оның өзімен теңесетін, мәнін ашып көрсететін, әсіресе, болмыс еместігін, болу еместігін білдіретін Бейболмыстың модустанған түрі. Генезисі жөнінен «болудан» туындаған «болмау» қазіргі қазақ тілінде өздігінен тәуелсіз, Бейболмысты еркін көрсете алады.

«Ештеңе» қазақ тілінде де арнайы философиялық категория ретінде «Ничтонын» қазақша тура баламасына айналған, оны «Ешнәрсе» деп те аударуға болады. Дегенмен, бұл жерде лингвопарадоксальдылықтар бар. Бірінші, категория түріндегі Ештеңені емес, тілдегі ештеңені қарастырсақ, «ештеңе емес», «ештеңе де емес» «ештеңе жоқ» түсініктерін семантикалық жағынан талдап алуымыз керек. Егер «ештеңе» мен «жоқты» синоним ретінде ұсынып, «жоқ емес» түсінігін қолдансақ, онда «бар» ұғымына жақын болып шығады. Бірақ «ештеңе емес» те «ештеңе» де мазмұны жағынан бір. Демек, «ештеңенің» терістелуі өздігінен мүмкін емес, «ештеңе» «ештеңе емес» болып айтылса да өз мәніне қайтып оралады. Шындығында тілде «емес» терістеуші постфиксі қарама-қарсы мағынаны жамайды, «ештеңе» мен «ештеңе емес» бір-біріне қарама-қарсы болуы тиіс еді. «Ештеңе бар» тілде қолданылмайтындығына қарамастан, оны қолданып қарасақ, ол «ештеңе жоқпен» бір ұғымға айналады. Шындығында «бар» мен «жоқ» полярлы контрарлы, «ештеңе емес» ұғымы «бір нәрсе бар» түсінігін формалық жағынан ғана беріп тұрғанмен, мазмұны бейболмыстық. Бұл лингвистикалық парадокс немесе тілдің жетілмеген жақтары. Дегенмен, «ештеңе» ұғымы «емес» сөзін жалғаса да, «жоқты» жалғаса да «ештеңе бар» түсінігін білдіреді, «ештеңенің бар болуы» бәрібір «ештеңені» айғақтайды. Себебі «ештеңе» таза абсолютті Бейболмыстың көрінісі болғандықтан, категория түрінде Ештеңеге айналады. Демек, ештеңе (кіші әріппен) дегеніміз Ештеңе (бас әріппен) болып табылады. Бұл - Бейболмыстың қазақ тіліндегі таза баламасы, ол да бастапқы мағынасында ситуацияға байланысты, белгілі бір материя немесе болмыстың түрін терістеу үшін алынғанмен, қазір тұтас Бейболмысқа адекватты болып отырған формада қабылдауымызға болады. Сондықтан, Ештеңе бейболмыстың лингвопсихологиялық сипатталуы, Бейболмыстың герменевтикалық түсіндірмесі осылай Ештеңеге өтеді.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. Оқулық-хрестоматия.-Алматы: «Раритет», 2004.- 304 бет.
2. Солодухо Н.М. Философия небытия.-Казань, 2002 (с.7-10)
3. Чанышев А.Н. Трактат о небытии//Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. №2. 2000. С.3-13 (с.4)
4. Небытие: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11451024, сохран. В 12:40 UTC 15 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия.-Электрон. дан.-Сан-Франциско: Фонд Википедиа, 2008.- Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/?Oldid=11451024>

Резюме

В статье анализируется проблема Небытия философии Ибн Рушд, утверждается соотношение Небытия и возможное, углубленно определяются виды возможности. Раскрывается лингвофилософская суть Ничто, лингвоаналитическая интерпретация Небытия сочетается с источниками.

Summary

In this article analysis problem of the non-instance philosophy of Ibn Rushd. Established balance of non-instance and possible, had improved kind of possibility. Come out lingvophilosophy essence of non-instance. Lingvoanalytical interpretation non-instance harmonize with sources.

Özet

Makalede İbn-i Rüşd'ün felsefi görüşleri ele alınarak 'var olma ve yok olma ihtimali' üzerine düşünceleri anlatılmaktadır.